

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА МАСКА КИЮ КЕРЕК?



1

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына сәйкес, медициналық жұмыскерлерге, күтім жасаушы тұлғаларға және жоғары температура мен жөтел сияқты респираторлық ауру белгілері байқалатын тұлғаларға масканы міндетті түрде қолдану ұсынылады.



2

Маска қолдарды спирт құрамдас антисептикпен немесе сабынды сумен тұрақты түрде өңдеп отырған жағдайда ғана тиімді құрал болып табылады.

* Жедел штабтардың санитарлық-эпидемиологиялық ұсыныстарына қоғамдық орындарға бару кезінде, адамдар көп жиналған кезде, қоғамдық көлікте жүру кезінде маска кию жөніндегі ұсыныстар да кіреді.

МАСКАНЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС КИЮ, ҚОЛДАНУ, ШЕШУ ЖӘНЕ КӨДЕГЕ ЖАРАТУ КЕРЕК



1

Маска киер алдында қолдарыңызды спирт құрамдас құралмен өңдеңіз немесе сабынмен жуыңыз.

Зақымданбағанына көз жеткізу үшін масканы тексеріңіз.

2



3

Масканы бет пен масканың арасында қуыс қалдырмастан, мұрын мен ауызды жауып тұратындай етіп киіңіз:

масканы оның түрлі-түсті жағы мен құлаққа арналған ілмектерінің бекіткіштері сыртқа қараған күйі ұстаңыз;



мұрынға арналған қысқыштың кеңсірікке ыңғайлы жанасқанына көз жеткізіңіз; масканың төменгі жағын иекке қарай тартыңыз;



ілмектерді құлақтың артына бекітіңіз; маска бетіңізге мықтап жанасатынына көз жеткізіңіз.



4

Қолдану кезінде масканы ұстамаңыз; ұстаған жағдайда, қолдарыңызды спирт құрамдас құралмен өңдеңіз немесе сабынмен жуыңыз.

Маска дымқыл немесе кір болған кезде, оны жаңа таза әрі құрғақ маскаға ауыстырыңыз. Бір реттік маскарды қайта пайдаланбаңыз.

5



6

Масканы шешу үшін:

масканы құлаққа арналған иілгіш ілмектерден ұстап тұрып (масканың алдыңғы бөлігіне жанаспастан) шешіңіз;



оны полиэтилен пакетке ораңыз да, бірден қоқысқа арналған жабылмалы контейнерге тастаңыз;



қолдарыңызды спирт құрамдас құралмен өңдеңіз немесе сабынмен жуыңыз.

